

УДК 316.7:81'243

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЛАҒА АТ ҚОЮ МӘДЕНИЕТІ

Шарапатова Роза Жамбылқызы

gk_otan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Өзін-өзі тану және әлеуметтану мамандығының 1
курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ә. Мүтәлі

Ат-есімдер тұлғаға телінетін атаулар ғана емес, тарихи-мәдени өмірден хабар беретін антропонимдік символдар. Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын бейнелейді. Сәбиге ат еншілетудің қазақ мәдениеті мен салтында алар орны ерекше және аса ұқыптылықпен орындалатын ғұрып. Қазақ халқының жаңа дүние есігін ашқан нәресте үшін өз халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін және наным сенімін көрсететін есімдерге қатты мән берген. Алайда, қазіргі таңда жаңа туылған нәрестеге қазақ халқының дәстүрлі есімдерінің қойылмауы жиі байқалады, сәби есімдерін Еуропалық стильде қоюға көп мән беріліп жүр. Ал, ертеректе адам есімдері

үй жануарларының, жабайы аңдар мен табиғаттың көріністерімен байланыстырылып аталған. Мысалы: Айжарық, Айтолқын, Арыстан, Қаршыға, Сұңқар т.б. Бұл есімдердің пайда болуына сол кезеңде болған наным сенімдерге табыну, сену нәтижесі себеп болған. Мәселен ай мен күнге, жануарлар мен жоғары күштер иесіне табыну негізінде пайда болған [1, 27].

Қазақ есімдерінің тарихын зерттеген Телғожа Жанұзақов кісі есімдерінің қоғамдық тұрмыс, әлеуметтік құрылымымен қатар «материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын» көрсете алатын әлеуеті және кісі аттары мен халықтың тарихи дәстүрлерінің арасын байланыстыратын «тозбас желі» барын атап өткен [2, 23].

Тілдік таңбаның жиі кездесетін түрі – сөз, оның басты себебі алдыңғы ұрпақ пен кейінгі жас ұрпақ тәжірибесінде жинақталып қалыптасқан заттың танымдық бейнесі тек сөзде сақталатындығы белгілі. Осы орайда қарапайым сөздің кісі есіміне айналғаннан кейінгі табиғатында болатын ерекшеліктер жөніндегі мәселелерге Б. Әбдуәлиұлы терең зерттеулер жүргізген. Б. Әбдуәлиұлының пікірінше: «Қарапайым сөздің кісі есіміне айналуы антропонимжасамның жемісі. Антропонимжасам тілдегі кісі есімдерінің жасалу жолдарын зерттейді. Кісі есімі өзіне жақын болады, есімі аталғанда міндетті түрде басын бұрып қарамаса да назар аударып елеңдейді. Бұл өз кезегінде антропонимжасамға тән психологиялық ерекшелік болып табылады. Антропонимжасамдық таңбаның екі түрлі жағы, яғни атаушы және аталушы тараптары қарастырылады. Кісі есімі атаушы тарапынан айтылғанда, оның көңіл-күйі мен аталушы адамға деген көзқарасына байланысты (жасы үлкендерді құрметтеп, жасы кішілерді еркелету түрінде) есімдер әртүрлі өзгерістерге түседі. Ал аталушы тарапынан алғанда, әр адамның өзіндік ішкі «мені» болады, осы арқылы адамның болмысы қалыптасады» [3, 14].

Қазақ есімдерінің қазіргі жай-күйін зерттеу, ондағы өзгерістерді сипаттау және экстралингвистикалық ерекшеліктерді бағалау мақсатында жүргізілген зерттеуде сандық әдіс қолдана отырып Еуразия Ұлттық Университетінің студенттері арасында өз есімдері жайлы сауалнама сұрағын жүргізген болатынбыз.

Сауалнама қатысушылары Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Әлеуметтану факультетінің қазақ және орыс топтарындағы 1 курс студенттері: Әлеуметтік жұмыс (ӘЖ-13) студенттерінен 15 қатысушы, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану (ӨП-11) мамандығыны 22 студенттері және мектепке дейінгі білім беру мамандығынан 16 студентті арасында жүргізілген болатын.

Сауалнама қатысушылар саны - 53 адам.

Қатысушылар өз есімдеріне қатысты сауалнамаға жауап берді. Нәтижесінде анықтағанмыз:

1. Аружан есімі – 4 студентке,
2. Ақерке есімі – 3 студентке,
3. Диана есімі – 2 студентке берілген.

Сауалнама қатысушыларына өз есімдерінің мағынасын түсіндіріп беруді сұраған болатынбыз. Сауалнама нәтижесі бойынша көп таралған Аружан, Ақерке және Диана есімдерінің мағыналары туралы төмендегідей ақпарат алдық:

1. Аружан есімі екі сөзден тұрады, «ару» және «жан» деген сөздер. «Ару» сөзі бұл сұлу, әдемі, көрікті және инабатты деген мағынаны беретін болса, «жан» сөзі адамның физикалық денеден басқа ішкі күйі дегенді білдіреді. Екі сөзді біріктіргендегі мағына сұлулыққа толы жан немесе инабатты жан деген мағынаны береді.

2. Ақерке есімі де екі сөзден тұрады, «ақ» сөзі пәк, таза деген мағынаны білдірсе, «ерке» сөзі сүйкімді, тартымды, қылықты деген мағынаны білдіреді. Яғни әке-шеше тілегінен туған есім қызым елі сүйсінердей сүйкімді болсын, елінің құрмет тұтар еркесі бола білсін дегенінен туған есім деп пайымдауға болады.

3. Сауалнамамыздың нәтижесі бойынша кең тараған келесі есім **Диана** есімі. Диана есімнің мағынасы Рим мифологиясында «ай мен аңшылықтың құдайы» деп түсіндіріледі. Латын тілінен аударғанда «құдайлық» деген мағына береді. Диана есімін басқа ұлттар Дайана немесе Даяна деп те айтады.

Сонымен қатар, сауалнама нәтижесі бойынша Анеля, Зарина, Анель, Жанель, Адель, Марина сияқты есімдер кездеседі.

Қазіргі қазақ антропонимдері түрлі мәдениеттер арасындағы факторларға байланысты өзгеріске түседі. Яғни бұл мәдениеттер арасындағы байланыстың дамуымен тығыз байланысты этникалық, әлеуметтік, тарихи, географиялық факторлардың жиынтығы деп қарастырылады. Б. Әбдуәлиұлы өзінің еңбегінде бірнеше факторларды атап көрсеткен:

- ислам факторы:

Исламдық атаулар – мұсылман халықтарының өкілдеріне тән, тек ислам әлемінде ғана емес, оның шекарасынан тыс жерлерде де кең тараған жалқы есімдер. Олардың ішінде тікелей исламның ықпалымен пайда болған атаулар да, осы дін пайда болғанға дейін болған атаулар да бар. Мұсылмандық атаулардың таралуы белгілі бір қоғамды исламдандырудың бір қыры болып табылады [4, 157].

- ұрпақ факторы:

Қарқынды әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге байланысты, жас жігіттер, әсіресе, әкелеріне және отбасылық билігіне бұрынғыдай қарамайтын болды. Үлкен әлеуметтік және экономикалық ұтқырлық оларға өз билігін дәстүрлі мүмкін болғаннан гөрі көбірек қоғаммен бір сарында жүруге деген мүмкіндік. Бұл санаттағы жастардың жаңаруы өте ықпалды болды.

- тұрмыстық фактор:

Қоғамдық-саяси іс-әрекеттен, адамдардың тіршілік қажеттілігін қамтамасыз ететін материалдық және мәдени жағдайлар негізінде болуы. Адамдардың табиғи және мәдени құндылықтарды игеруі, демалу, басқалармен араласуы деп айтамыз.

- үйлесім факторлары:

Үйлесім факторы барлығымен үйлесімділікте болуымен ерекшеленеді.

Алайда кірме есімдер Жанель, Марина, Анель және саяси-мәдени науқандарға қатысты қойылған есімдердің Астана, Саммитбек, Азида тағы басқа «біздің антропонимдік қорымызды байытып жатыр» дегенге келісу қиын. Осы іспеттес есімдерді, атап айтқанда, Жанна, Гүлжана, Әсема, Гүлнара есімдерін этнограф Ақселеу Сейдімбек «қазақ болмысына үйлеспейтін есімдер» қатарына жатқызады. Қазақ болмысына жатпау себебі мәдениетімізбен ұштаса алмауы. Мәселен Қазақтың Гүлжанар (гүлдей көріктеу мағынасынан) есімін – Гүлнара есіміне өзгеру. Не болмаса Әсем сұлулық, көріктілік ұғымын беретін есімді, Әсема немесе Асема деп өзгертілуі жайлы болды. Жаһанданумен бірге мәдениетіміз бен санамызға еніп жатқан батыс дәстүрі мен ықпалы ат-есім қою ғұрпына да әсер етіп жатқаны анық. Төл тілдік бейнемізді, ұлттық ерекшелігіміз бен бірегейлімізді сақтау бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. Қ. Әлімқұлов, М. Қасымбековтің ат қою жауапкершілік екенін және адам есімінің «ұлттық ұнасымға сай, әдемі әрі мағыналы» болуын баса айтуы да содан деп ойлаймыз. Антропонимдік, ономастикалық зерттеулер заман өзгеруі мен қоғамдық қатынастардың өзгеруі нәрестеге ат таңдау, есім беру үрдісіне ықпал ететінін дәлелдеп келеді. Сауалнамамызда тіркелген қазақ ұлтының қыздары Анель, Роза, Адель, Дамира, Марина және Жанель есімдерін таңдауда қазақ ата-аналарының мақсаты, жалпы әлеуметтің есім таңдауына ықпал еткені мәдениаралық факторлардың бар екенін көрсетеді.

Келтірілген мысал негізінде, бұрынғы кезде қазақ халқының есім қоюда оның мәніне баса назар аударатындығы, есімнің білдіретін мағынасы адам өміріне белгілі бір деңгейде ықпалын тигізетіні жайлы сенім-нанымы басым екендігін аңғаруға болады.

Осы арқылы кісі есімі халықтың ұлттық мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрі, қиял әлемі мен дүниетанымы көрініс табатын лингвистикалық құнды мұра екендігіне тағы да көз жеткіземіз. Сонымен қатар, қазақ антропонимиясының өзге тілдердің антропонимия жүйесімен тығыз байланыста зерттеліп, түрлі халықтардың мәдениетінің дамуына тигізген әсерін аңғаруға болады. Қазақ антропонимиялық қоры жыл өткен сайын толығуда. Біздің міндетіміз қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланысты үнемі өзгеру үстінде болатын кісі есімдерін жинақтап, жүйеге келтіру барысында өте бай тілдік материалды сақтап қалу болып табылады.

Қорыта айтсақ, ұлы философ Әлішер Науаи нәресте есіміне қатысты «Тәрбиенің бірінші шарты балаға жақсы есім таңдау» деген пікірі орынды. Сондай-ақ халықтың дәстүрлі түсініктерін, наным-сенімдерін, қоршаған дүние туралы білімдерін, бай өмір тәжірибесін көрсететін жалқы есімдер ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениет тарихының айқын көрсеткіші болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. - Алматы: Наука. 1971, 224 б.
2. Смағұлова Ж.С., Парманова Ұ. И. Қазақ антропонимдері және есім қою дәстүріндегі өзгерістер // Хабаршы. Филология сериясы. 2019, – Алматы: Қазақ университеті, Б.153- 158.
3. Әлиакбарова А.Т. Мадиева Г.Б. Қазақ антропонимиясының дамуы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. Астана. 2016. №5(114). Б. 24-27.
4. Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: Астана-полиграфия, 2012. – С. 302-303.
5. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. Алматы. 1995. 248 б.